



Бекітемін _____
«Ақмола облысы білім басқармасының
Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің
жанындағы Атбасар қаласының «Айгөлек»
бөбекжайы» ММҚК мейгеруші
Мырзабаева Ж.О.

2023-2024 оқу жылына «Жұлдыздар» кіші тобының ұйымдастырылған
іс-әрекетінің перспективалық жоспары

Перспективный план организационной деятельности младшей группы «Жұлдыздар»
на 2023-2024 учебный год

Тәрбиешілер: Каримова Г.К.
Дюсембина Л.Е.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2022- 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Атбасар қаласының «Айгөлек» бөбекжайы»

Топ\сынып: мемлекеттік тілде оқитын «Жұлдыздар» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:Қыркүйек 2023-2024 оқу жылы

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	– жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық қимылды саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;– негізгі қимыл түрлерін дамыту;– салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін және құрдастарымен бірлескен әрекетке дайындықты қалыптастыру.
	Сөйлеуді дамыту	Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету.
	Көркем әдебиет	ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруге үйрету
	Сенсорика	қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру
	Қоршаған ортамен таныстыру	тірі және өлі табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту;
	Құрастыру	жеке жиһаз заттарын түрлі нұсқада құрастыру, бірден екі-үш құрылысты тұрғызу (үстел және орындық, үстел және диван), құрылыстық қасиетін ескере отырып, материалды таңдау;
	Сурет салу	балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту.
	Мүсіндеу	балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру;
	Жапсыру	Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету.
	Музыка	Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын ажырата білу (баяу және көңілді әндер).

Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан 2023 ж

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру. Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тақтай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту;
	Сөйлеуді дамыту	– халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу;
	Көркем әдебиет	кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталау
	Сенсорика	түрлі сенсорлық әсерлермен байыту
	Қоршаған ортамен таныстыру	табиғи материалдардың қасиеттерімен (құм шашылады, құмнан қуыршақтарға ыдыс мүсіндеуге болады) таныстыру;
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыру
	Сурет салу	сурет салу техникасын жетілдіру
	Мүсіндеу	сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;
	Жапсыру	фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру;
	Музыка	Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу

Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша 2023 ж

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. , 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге. Қимылды ойындар: Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.
	Көркем әдебиет	Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.
	Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	суреттен жануарларды тауып, атау;
	Құрастыру	қағазды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу. Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
	Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.
	Мүсіндеу	. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.
	Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.
	Музыка	Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. Музыка тыңдау.

Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан 2023 ж

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	<p>Секіру. Бір орында тұрып екі аяқтап секіру, алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіртпемен, лентамен еденде 10-20 см қашықта (2 арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру; 10-15 см биіктен секіру;</p> <p>4) еңбектеу, өрмелеу. Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен, жол бойымен, әртүрлі заттардың: доғаның, орындық, үстел, арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Ауданы 50 x 50 см, биіктігі 10 см мінбеге өрмелеу;</p> <p>5) лақтыру, қағып алу, дәлдеп лақтыру. Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай), баланың көзінің және кеудесінің тұсынан әртүрлі заттардың астымен 0,5-1,5 м арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату;</p>
	Сөйлеуді дамыту	дыбыстардың дұрыс айтылуын, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру
	Көркем әдебиет	ереке туралы қуаныш, мақтаныш сезімдері берілген қысқа тақпақтарды жаттауд
	Сенсорика	түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	жануарлардың сипаттық ерекшеліктерімен таныстыру, дене бөліктерін (танау, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білу;
	Құрастыру	балалармен бірге қарапайым құрылысты құрастыру
	Сурет салу	дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелеу
	Мүсіндеу	шыны аяқ, табақты илеп жасауда саз кесегін саусақпен басып, тереңдете алуғақ үйрету
	Жапсыру	Симметриялық пішіндерді орналастыра білуді және жапсыру мен сурет салуды кіріктіруді қалыптастыру
Музыка	Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ және т.б.), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай және т.б.) дыбыстарымен таныстыру.	

Жоспардың құрылу кезеңі: Қаңтар 2024 ж

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.
	Сөйлеуді дамыту	Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен;
	Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.
	Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, сәбіз, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; Есімін атағанда жауап береді, өзін айнадан және фотосуреттерден таниды; ата-анасын және өзіне қарап отырған басқа ересектерді таниды, олардың аттарын атайды; өздері тұратын үйін және пәтерін таниды; заттарды және олармен әрекет етуді біледі, оларды суреттен таниды; құрдастарымен бірге ойнай алады;
	Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.
	Сурет салу	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.
	Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
	Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.

	Музыка	Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.
--	---------------	--

Жоспардың құрылу кезеңі: Ақпан 2024 ж

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге өрмелеу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұғу және ашу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұғу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу),
	Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.
	Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау. Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану.
	Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.
	Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.
	Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.
	Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру.
	Музыка	Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу.

Жоспардың құрылу кезеңі: Наурыз 2024 ж

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	<p>Бірқалыпты жүру, жан-жаққа және берілген бағытқа шеңбер бойынша қолдарының әртүрлі қалыптарымен, аяқтың ұшымен, шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, жұптасып, қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, ирелеңдеген баудың бойымен еркін жүру, едендегі немесе еденнен 15-30 см көтерілген арқаннан, бөренеден, текшеден, гимнастикалық таяқшадан аттап жүру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Еңбектеу, өрмелеу.</p> <p>Бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін), шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. қысқа өлеңдерді анық, асықпай айтады, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алуға үйрету</p>
	Сенсорика	<p>Заттардың санын ажырату (біреу — көп); Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсету</p>
	Құрастыру	<p>көлік құралдарының, автомобиль бөліктерінің атауларын айтуға үйрету</p>
	Сурет салу	<p>Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. қағазға, құмға саусақпен сурет салу</p>
	Мүсіндеу	<p>қуыршаққа арналған әшекейлерді мүсіндеу: білезік, жүзік, қол сағаттар</p>
	Жапсыру	<p>Дайын пішіндерді дұрыс орналастыруды үйрету Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.</p>

	Музыка	Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру

Жоспардың құрылу кезеңі: Сәуір 2024 ж

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге Тепе-теңдікті сақтау. жиектері шектелген тура жолақпен (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м). Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұгу. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру.
	Сөйлеуді дамыту	Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Айналасындағылардың сөздерін, тұрмыстық немесе ертегілер тақырыптарындағы әңгімелерді көрнекіліксіз тыңдауға баулу
	Көркем әдебиет	Халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу; Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу.
	Сенсорика	әртүрлі көлемдегі заттарға (үлкен үй-кішкентай үй, үлкен матрешка - кішкентай матрешка, үлкен доп-кішкентай доп және т.б) және оларды сөйлеуде атауға назар аудару біліктерін қалыптастыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	аулаға ұшып келетін (торғайлар, көгершіндер, қарғалар) құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу.;
	Құрастыру	қарапайым пазлдарды жинай алу қабілеттерін қалыптастыру
	Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. балаларды ересектермен бірге әрекет етуге (ересектердің салған суреттерін толықтыру) қызығушылықтарын тудыру;
	Мүсіндеу	сазбалшықтың кесегін алақан арасына салып илей алу дағдысын қалыптасытру Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
	Жапсыру	Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру
	Музыка	Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар және т.б.), ойындар мен әндерді сахналау. Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның

		дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.
--	--	--

Жоспардың құрылу кезеңі: Мамыр 2024 ж

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).
	Сөйлеуді дамыту	Кітаптағы суреттерді қарау, олардың мазмұны бойынша сұрақ-жауаптар құрастыру, көлемі бойынша шағын өлеңдер мен тақпақтар жаттауды бекіту. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.
	Көркем әдебиет	Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.
	Сенсорика	көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыра алады
	Қоршаған ортамен таныстыру	қоршаған табиғаттың сұлулығын байқау біліктерін қалыптастыру
	Құрастыру	Құрылыс материалдарының (текшелер, кірпіштер) негізгі пішінін ажыратып, құрастыру
	Сурет салу	түрлі-түсті қарындаштармен, фломастердің, гуашьтің төрт түсімен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту
	Мүсіндеу	мүсіндеуге арналған түрлі материалдармен жұмыс жасауға дағдыландыру
	Жапсыру	фланелеграфтың кенебін қолдану арқылы қарапайым композицияларды құрастыруға машықтандыру қағазға «қошқармүйіз», «көз» оюларын орналастыруды үйрету.

	Музыка	Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.
--	---------------	---